



# 5 шілдеден шектеу шаралары енгізіледі



**ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Мемлекеттік комиссия отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстандағы эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру шаралары қаралды.**

Елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай және коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында шектеу шараларын енгізу бойынша ұсынылатын шаралар туралы денсаулық сақтау министрі А. Цой баяндады.

Қазақстанда эпидемиологиялық ахуалдың өршуі және коронавирус инфекциясымен сырқаттанушылықтың өсуі ескере отырып, Мемлекеттік комиссия биылғы 5 шілдеден бастап 14 күнге келесі шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылдады:

## КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ БОЙЫНША:

1. Елдер тізімін көбейтпей, халықаралық әуе қатынасын сақтау;
2. Өңірлер арасындағы әуе қатынасын, темір жол қатынасын сақтау (шектеулермен);
3. Өңірлер арасындағы жолаушылар автобусы қатынасын уақытша тоқтату;
4. Қоғамдық көліктің жұмысын уақыт бойынша шектеу.

## АЗАМАТТАРДЫҢ ЖҮРІП-ТҮРУЫ БОЙЫНША:

1. Ойын-сауық, спорт және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, еске алу шараларын өткізуге тыйым салу;
2. Таза ауада жаттығулар жасауға рұқсат ету;
3. Тұрғындардың көшелерде, саябақтарда, скверлерде 3 адамнан артық серуендеуін шектеу;
4. 65 жастан асқан адамдардың сыртқа шығуын шектеу.

## МЫНА НЫСАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ТЫЙЫМ САЛУ КЕРЕК:

1. Сұлулық салондары, шаштараз, спорт залдары, фитнес орталықтар, бассейндер, азық-түлік және азық-түліктік емес жабық базарлар, жағажайлар, аквапарктер, мәдениет нысандары, музейлер, көрмелер, форумдар, конференциялар және өзге де ұйымдастырылған бұқаралық іс-шаралар, ойын-сауық орталықтары, мектепке дейінгі балалар мекемелері (кезекші топтардан басқа), діни нысандар және т. б. (СОСО-дағы ойын-сауық орталықтары, ойын-сауық нысандары (караоке, бильярд, компьютер клубтары, боулинг орталықтары), кинотеатрлар, балаларды сауықтыру лагерлері, фудкорттар, банкет залдары).

2. Мемлекеттік органдардың (ұйымдардың), кеңселердің, ұлттық компаниялардың және өзге де ұйымдардың қызметкерлерінің кемінде 80%-ның қашықтан жұмыс істеу режимін сақтау;

3. Алдын ала жазылу бойынша медицина орталықтарының қызметін сақтау;

4. Дәріханалардың, азық-түлік дүкендерінің, ашық базарлардың қызметін сақтау;

5. Күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, келесі нысандардың қызметін сақтау: таза ауада қоғамдық тамақтану нысандары; үздіксіз өндірістік айналымы бар құрылыс, өнеркәсіп кәсіпорындары; таза ауадағы құрылыс жұмыстары; ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы және мал шаруашылығы жұмыстары; халыққа қызмет көрсету салалары, оның ішінде авто жуу, автомобильдерді және тұрмыстық техниканы жөндеу, ХҚКО-лар, екінші деңгейлі банктер (уақыт бойынша шектеу енгізумен).

Үкімет басшысы еліміздегі эпидемиологиялық ахуалдың алдағы уақытта қалай өзгертініне байланысты аталған шектеу шаралары 2 аптаға ұзартылуы немесе қатаңдатылуы мүмкін екенін атап өтті.

Жаңа шектеу шараларын талқылауға орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Атамекен» ҰКП төрағасы А. Мырзахметов, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті Р. Жүрсінов және т. б. қатысты.

## ЕРЕКШЕ ӨТКЕН ЖОЛДАҒЫ АКЦИЯ



Ай сайын өткізілетін «Жолда қабылдау» акциясы бұл жолы бұрынғыдан өзгереді болды.

**3-бет**

**Әділет полковнигі Ернат АҚЫЛЖАНОВ:**  
**«ТҮРМЕНІ ЖАҚТАСТАР ТАРТУ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ОРЫН ДЕП САНАЙДЫ...»**



Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің басшысы, әділет полковнигі Ернат Ақылжановпен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

**4-5 беттер**

## ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҰМАБЕКОВА



Қазақта қолына қару алып, елі мен жерін жаудан қорғаған арулар аз болмаған. Жауынгер қыздарымыздың жүріп өткен жолы соған дәлел.

**7-бет**

## ҚОҒАМДЫҚ ҚҰТҚАРУШЫ КӨМЕККЕ КЕЛЕДІ



Алматы облысы ТЖД демалыс аймағы иелерінің өтініші бойынша ведомстволық құтқарушыларды суда адамдардың өмірін құтқару дағдыларына үйретеді.

**8-бет**



## Жаңа жатын орындар ашылды

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Нұр-Сұлтан қалалық әкімдігі COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастарды емдеуге арналған төсек-орындарды кеңейту бойынша жүйелі негізде жұмыстар жүргізіп жатыр» деп хабарлайды қала әкімдігінің баспасөз қызметі.



«Рамада Плаза» ғимаратында қосымша 500 орын ашу көзделген. Бірінші шілдеде 250 орын, өткен аптада 800-ден астам төсек-орын ашылды. 600 орындық №1 көпсалалы қалалық аурухана толығымен жұқпалы аурулар стационарына ауыстырылды. Сонымен бірге ұлттық ғылыми медициналық орталық, Қорғаныс министрлігінің гос-

питалі және ҰОС клиникалық госпиталі базасында төсек-орындар құрылды. Өкпені жасанды желдету аппараттарын, компьютерлік томография, оттегі концентраторларын, ПТР-тестілерді, дәрі-дәрмектерді және тағы басқа сатып алу бойынша жұмыстар атқарылып жатыр.

inform.kz

## Қытайға жұмыртқа экспортталмақ

Елімізде жылына 240 млн инкубациялық жұмыртқа шығарылуы мүмкін. Бұл – ТМД аумағындағы бірегей жоба. Биыл 395 мың тонна тауық етіне сұраныс болады. Бұл былтырғыға қарағанда, артық көрсеткіш.

Қазір құс фабрикалары ЕАЭО елдерінен, соның ішінде Ресей мен Еуропадан жалпы құс басының 80% көлемінде асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқа мен тәуліктік балапандарды импорттауға мәжбүр. Айта кетейік, елімізде жарты жыл болды, жұмыртқа бағытындағы өндірушілерге субсидия төленбейді. Бұл туралы Құс өсірушілер Одағының президенті Руслан Шәріпов айтты.

Бірақ бройлерлік құс фабрикалары сатылған өнім үшін мемлекеттік қолдау алып отыр. Жалпы, инкубациялық жұмыртқаның құнын өндіруші белгілейді. Орташа алғанда өнімді 3-5 еуроға алуға болады. Бүгінде тағамдық жұмыртқа өндірушілер өнімін Ауғанстан, БАӘ, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей сынды елдерге ұсынуда. Болашақта тізімді Қытай толықтырады. Негізінен, Қызылорда мен Маңғыстау облыстарында ғана жұмыртқа өндірісі жолға қойылмаған. Ең арзан өнім Алматыда сатылып жатыр. Мұндағы баға - 250 теңге, Қостанайдан 10 дана жұмыртқаны 260 теңгеге алуға болады. Өскеменде өнім бағасы - 265 теңге. Ақтөбеден 280 теңгеге дейін табуға болады, ал Павлодарда 20 теңгеге қымбат. Талдықорғанда жұмыртқа бағасы 310 теңге болса, елордада 400 теңгеден сатылып жатыр.

24.kz

РЕСЕЙ

### УАҚЫТША ТІРКЕУДЕН БОСАТЫЛДЫ

«Ресейде тіркеу мерзімі аяқталып жатқан Қазақстан азаматтарына 15 қыркүйекке дейін айыппұл салынбайды. Қазақстандықтар қыркүйек айының ортасына дейін тіркеуден босатылады» деп хабарлады Ресейдегі Қазақстан елшілігі.

Ресей президенті Владимир Путин COVID-19 індетіне байланысты шетелдіктердің құқықтық мәртебесін реттеудің уақытша шаралары туралы Жарлыққа қол қойды.

«15 наурыз -15 қыркүйек аралығында тіркеу мерзімі аяқталатын Қазақстан азаматтарына айыппұл салынбайды, депортацияланбайды» - деп жазылған елшіліктің сайтында.

15 қыркүйектен кейін Ресейде қалғысы келетін қазақстандықтар тіркеуден өтетін болады.

Айта кетсек, Қазақстанда төтенше жағдай кезінде мерзімі өткен құжаттар 10 шілдеге дейін жарамды болады.

sputniknews.kz

ЖАПОНИЯ

### ЖАНУАРЛАРДЫҢ ОЙЫН ОҚИТЫН ҚҰРЫЛҒЫ

Жапондық мамандар үй жануарларының ойларын түсінуге мүмкіндік беретін электронды құрылғыны жасау үстінде.



Жақында Жапония үкіметінің ғылым туралы кітабында алдағы 20 жылға арналған болжамдар жазылған. Онда болашақта адамдар үй жануарларын толықтай түсіне алатындығы туралы айтылады. Ол үшін ғалымдар нейрокомпьютер интерфейсін жасамақ.

– Біз ми мен машинаны функционалды магниттік-резонанстық томографиямен байланыстыратын аппарат жасап шығарамыз, – делінген.

Аппаратты жасау кезінде құлағы естімейтін адамдарға арналған бірнеше құрылғы қолданылмақ.

24.kz

## Зертханалар жұмысын тоқтатты

Қарағандыдағы кәсіби аурулар институтының үш бірдей зертханасы жабылып қалды. Аталған ғылыми орталық ұзақ жыл бойы қоршаған ортаның ластануы қоғам денсаулығына қалай әсер ететінін зерттеп келген еді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын институт ғалымдары өкпені шаң-тозаңнан қорғайтын органикалық дәрілік зат ойлап тапқан болатын. Бұл шахтада еңбек ететін кеншілер үшін аса маңызды еді. Содан бергі 60 жыл ішінде мұндағы мамандар жүздеген ғылыми жаңалық ашқан. Ал кейінгі жылдары зерттеу жұмыстарын қаржыландыру денсаулық сақтау министрлігінің ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша жүзеге асып келеді. Бірақ өкінішке қарай, биыл бірнеше бағыт бойынша ақша бөлінбей қалды. Нәтижесінде төрт зертхананың үшеуін жабуға тура келген.



Зұлқия Намазбаева, медицина ғылымдарының докторы:

– Қазір тек санитарлық-гигиеналық зерттеулерге талдау жүргізетін зертхана ғана жұмыс істеп тұр. Оның өзі шала-жансар. Біздің ойымызша, қазір отан-

дық ғылымды дамытуға лайықты көңіл бөлінбей отыр. Қоғам денсаулығын қорғау бағытындағы қаншама жылғы қалыптасқан жұмысымыз ешкімге керексіз болып қалды.

inform.kz



# Ерекше өткен жолдағы акция

# Рейд жүргізді

Ай сайын өткізілетін «Жолда қабылдау» акциясы бұл жолы бұрынғыдан өзгереді болды. Жүргізушілерге жол қауіпсіздігі мен ережелерді сақтауды түсіндіру жұмыстарымен ғана емес, қазақты дастарқанмен және рухани мұраларымызды ұлықтау мақсатында көрсетілген мұражай жұмыстарымен және видеофильм көрсетумен ерекшеленді.



**Ғазиза КӘРІБАЙ,**  
**Ақтөбе облысы**

Акция мақсаты – жол-көлік оқиғаларының алдын-алу және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық сауатын ашу, жолдағы жолаушылардың көлік жүргізудегі жауапкершіліктерін арттыру және көлік тізгіндеуде сақтық шараларын бұлжытпай орындау.

Бұл жолғы акция облыстың Әйтеке би ауданы Қарабұтақ ауылына қарасты «Самара-Шымкент» тасжолының 971 шақырымында өткізілді. Аталған жол учаскесінің таңдап алынуы бекерден-бекер емес.

– Аталған шара үш күн жалғасады. Қазіргі кезде Әйтеке би ауданына қарасты «Самара-Шымкент» тасжолында жыл басынан бері 9 жол-көлік оқиғасы орын алды. 16 жол қозғалыс қатысушылары дене жарақаттарымен ауруханаларға жеткізілген. Осы жолда Ресей елінен Қостанай облысына қарай жолда 4 жолаушы ажал құшқан жол-көлік оқиғасы тіркелді. Акция 5 рет өткізіліп, 200-ге жуық көлік жүргізушілеріне ескертпе буклеттері таратылды. Жол-көлік оқиғаларының саны өткен жылдың 6 ай қорытындысы мен 2020 жылдың 6 ай қорытындысын салыстырғанда төмендеп отыр, – дейді Әйтеке би

ауданы ПБ бастығының орынбасары Мадияр Әкентай.

Карантин шараларына байланысты, барлық санитарлық-тазалық нормаларын сақтай отырып өткізілген акция барысында осы жол бойында жол-көлік оқиғасынан қаза болған жолаушыларға құран бағышталып, Әйтеке би аудандық мұражайының сыр шертетін тарихи құндылықтарымен таныстыру ұйымдастырылып, жол қозғалысы туралы видеофильм көрсетіліп, жайылған ақ дастарқаннан дәм ұсынылды.

– Қазіргі сәтте осы жол бойындағы апаттардың санын азайту үшін жүргізушілерге ескертпе жұмыстары мен жаднамалар таратылды, қазақты киіз үй тігіліп, ауқаттанып алуға қымыз, бауырсақ қойылған ақ дастарқаннан дәм татады. Әйтеке би ауданынан шыққан би-шешендерімізді, ірі тұлғаларды насихаттау мақсатында және құнды жәдігерлерімізді ұлықтау үшін жолаушыларға арналған 1993 жылы ашылған өлкетану мұражайы көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ, жол қозғалыс қатысушыларының денсаулығын тексеріп, медбике санитарлық тазалықты сақтау ережелерімен таныстырды және медициналық маска таратылды, – деп қоса кетті Қарабұтақ ауылдық округінің әкімі Кеншілік Байдрахманов.

Көлік жүргізушілері өткізіліп жатқан акцияның ерекшелігіне таң қалып, жылы лебіздерін білдірді.

10 жылдан аса уақыт көлік айдаған Алексей Давыденко өз танданысын жасырмады.

– Өзім темір-терсектен бастап азық-түлік тауарларына дейін тасымалдаймын. Қазіргі кезде Беларусь еліне қарай жол тарттым. Біріншіден, демалып алуға жағдай жасалған, екіншіден, ұлттық тағамдардан дәм таттық. Өте қызық. Мен мұндай акцияны бірінші рет көрдім. Маған ұнады, – деді ол.

– Ең бірінші адамға өз өмірі қымбат. Сондықтан аталмыш акциялардың өткізілуі орынды. Бұл шараның пайда әкелеріне сенемін. Автокөлік жүргізушілеріне жол жүру кезінде демалып алу қажеттігі туралы, жолдағы апаттық жерлерден сақтануды ескертіп айтып жатыр, – деді Ырғыз ауданына Ақтөбеге қарай аттанған тағы бір жолаушымыз Жеңісбек Қаржауов.

Шара соңында ауылдық округтің ақыны ұлттық аспабымыз домбырамен күмбірлеген күй тартып, жолаушыларды шығарып салды. Сонымен, бұл акция әрі қарай да жалғасын таппақ. Жолға шыққан жолаушылардың әрдайым жолдары болсын.

Шымкент қаласының Полиция департаменті Қаратау және Еңбекші ауданы Полиция басқармасының қызметкерлері вирус таралуын болдырмау мақсатында рейд жүргізді.

Шымкент қаласында эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин шаралары күшейтілген болатын.

Осыған байланысты 29 маусымда Шымкент қаласының Полиция департаменті Қаратау және Еңбекші ауданы Полиция басқармасының қызметкерлері аудандар аумағында



коронавирус инфекциясының алдын алу және таралуын болдырмау мақсатында рейд жүргізді.

Аталған іс-шара барысында қаланың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Қаулысының талаптарын бұзған адамдарға тиісті шара қолданылды. Атап айтқанда, шектелген уақыттан кейін жұмыс жасап жатқан орындар, оның ішінде техникалық қызмет көрсету станциясы, техникалық байқау орталығы, жеміс-жидек сату және құймалы балмұздақ сату орындары анықталып, оларға әкімшілік хаттамалар толтырылды.

Polisia.kz.

Ақмола полицейлері облыс тұрғындарына төрт түлікті бақылаусыз жаюы жол-көлік оқиғасына жиі себеп болатынын ескертеді.

# Бағусыз мал - бақытсыздыққа себепкер

Биылғы жылдың 23 маусымында Көкшетау қаласы полиция басқармасының кезекші бөліміне «Көкшетау-Рузаевка» автожолының 4 шақырымында шығыс бағытта жылқы кесірінен жол-көлік оқиғасы болғаны туралы телефон арқылы хабарлама келіп түсті.

Оқиға орнына келген полиция қызметкерлері «Mercedes-Benz» маркалы автокөлігінің жүргізушісі тежегішті кеш басып, жылқыны қағып кеткенін анықтады. Соққыдан жылқы автокөліктің капотына зақым келтіріп, алдыңғы және артқы әйнектерді сындырған. Тежеу жолы 4-7 метрге жақын болды. Жүргізуші алкогольді ішімдік ішпеген. ЖКО салдарынан автокөліктің ме-

ханикалық зақымданғаны болмаса, жолаушылары аман.

Қазіргі уақытта тәртіп сақшылары жүргізушінің жылқыны байқайтын мүмкіндігі бола тұра, неге соққанын тексеруде. Сондай-ақ малдың иесі анықталып, бақташының оларды қозғалысы қайнаған жолға жақын маңда неліктен қараусыз қалдырғаны тексеріліп жатыр.

Полиция қызметкерлерінің айтуынша, бағусыз мал жол-көлік оқиғасына жиі себеп болады. Мал иелерінің кейбірі өз малдарын еркін жайылуға қоя берсе, кейбіреулері тіпті түнгі уақытта да қараусыз қоя беретін болған.

Осыған байланысты, тәртіп сақшылары облыс тұрғындарына тағы да төрт түлікке жарық шағылыстырғыштарды орнату және тиісті оларды бағуды ұйымдастыру шараларын қабылдауды сұрайды.

Естеріңізге сала кетейік, еркін жайылымда қараусыз қалып, кейін ол жол үстіне шығып кетіп, жол-көлік оқиғасына себепші болған мал үшін оның иелері ҚР ӘҚБтК-нің 615-бабының 1-бөлігі «жаяу жүргіншілердің және басқа да жол қозғалысына қатысушылардың қозғалыс ережелерін бұзуы» бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.



**Альмира МАНАТОВА,**  
**Ақмола облысы**

Полицейлердің көптеген ескертулеріне және алдын алу шараларына қарамастан, азаматтар өз ұйжануарларын еркін жайылымда қалдыруды жалғастыруда.



**Әділет полковнигі Ернат АҚЫЛЖАНОВ:**

# «Түрмені жақтастар тарту үшін маңызды орын деп санайды...»

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің басшысы, әділет полковнигі Ернат Ақылжанов пен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

**– Ернат Кенжеханұлы, ең бірінші сауал – радикалды діни ағымда болған сотталғандармен тиісті жұмыстарды қалай жүргізесіздер? Соңғы жылдарда радикалды діни ағым бойынша қанша азамат сотталды, 2019 жылы олардың саны қанша болды?**

– Мәселен, радикалдылар саны 2018 жылы – 30, 2019 жылы 14 болды. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ҚАЖ департаментінің мекемелерінде 1524 сотталған отыр, оның ішінде 105 адам ислам дінінің теріс ағымдарын насихаттағаны үшін сотталған болса, радикалдық діни идеология жолын ұстанушылар саны шамамен 8, оның ішінде діни экстремизм және терроризммен байланысты қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар саны – 6. Деструктивтік діни ағымның кейбір идеологтары түрмені жаңа жақтастар тарту үшін маңызды орындардың бірі деп санайтыны құпия емес. Сол себепті бас бостандығынан айыру орындарында экстремистік идеологияның таралуына жол бермеу мемлекеттік органдардың бірлескен қызметінің басымы бағыты болып табылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, экстремизм-терроризммен байланысты қылмыс жасағандары үшін жазасын өтеп жатқан адамдар – ауыр санаттағы сотталғандардың бірі, олардың мінез-құлқын түзету оңай емес, өйткені діни-танымдық сенімдері қатып қалған, білім деңгейлері төмен. Оларға агрессивтілік тән, өздеріне толық сенімді, тұйық мінезді, психологиялық қорғану деңгейі жоғары. Деректерге сүйенсек ҚАЖ тергеу изоляторларында және мекемелерде ұсталатын деструктивтік діни ағымды ұстанушылардың дені сотталғанға дейін бірқатар әлеуметтік қиындықтарды бастарынан кешкен, атап айтсақ, білім алуға мүмкіндіктері болмаған (орта, арнайы орта және

жоғары), денсаулық жағдайына байланысты және жұмысқа орналасу мен кейбір құжаттарын ресімдеу кезінде көптеген кедергілерге кезігіп отырған (жеке басын растайтын құжат, мекен жай кітапшасы, техникалық төлқұжат, тұрғылықты жері бойынша тіркеуінің, туу туралы куәлігінің болмауы), орташа отбасынан шыққандар, мүгедектер, психикалық ауытқудың анық белгілері бар адамдар. Осыған орай, ҚАЖ мекемелерінде оңалтылатын адамдарға әлеуметтік-тәрбиелік ықпал етуді қамтамасыз ету жолымен радикалды көзқарастан арылтуға бағытталған жүйелі жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін ҚАЖ мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдар қоғамдық іс-шараларға тартылып отырады. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ҚАЖ мекемелерінде ресми дін өкілдерімен бірлесіп экстремизмнің алдын алу, өмірлік ұстанымдарын өзгерту мақсатында психологиялық түзету, психопрофилактикалық іс-шаралар, тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізіледі. Мұнда дәстүрлі ислам дінінің өкілі – имамның рөлі өте ерекше. Ресми дін өкілдері уағыздар айтып, теологтар дәрістер мен сабақтар өткізіп отырады. Өткен жылы теолог-мамандар, имамдар мекемеге келіп 64 кездесу ұйымдастырып әр сотталғанмен жеке-дара жұмыс жүргізген болса, биыл індет таралуына және мекемелерге келу қажеттігінің шектелуі себебінен 17 кездесу өтті.

Сотталғандар бос уақыттарын көбіне кітапханада өткізеді, олардың өзін-өзі дамытуына, мәдени-эстетикалық қасиеттерін арттыруына ерекше көңіл бөлінеді. ҚАЖ мекемелерінің кітапханаларында сотталғандарды радикалды идеологиядан қорғау және қалыпты діни ұстанымдарға қайта бағыттау үшін дайындалған арнайы кітап қорлары бар. Сондай-ақ оларға, әсіресе, Қазақстан тарихын, мәдениетін және салт-дәстүрлерін, дінтану, саясаттану бойынша әдебиеттерді зерделеу үшін жағдайлар жасалған. Радикалды идеологиялардың таралуына жол бермеу мақсатында ҰҚҚД және Дін істері жөніндегі

басқармамен бірлесіп кітапхананың кітап қорына және арнайы контингенттердің жеке кітаптарына тексеріс ұдайы жүргізіліп отырады.

Нұр-Сұлтан қаласы Білім беру басқармасымен өзара тығыз іс-қимыл жасасудың арқасында сотталғандарға еңбек нарығында талап етілетін мамандықтар бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуға барша жағдай жасалған.

**– Сотталғандарды тәрбиелеу жұмысына, бостандыққа даярлауға және білім алуына қатысты қандай шаралар қолға алынып жатыр?**

– Қылмыстық атқару жүйесінің басты қағидаларының бірі – сотталғандарды түзеу және оларға тәрбиелік бағытта оң ықпал ету болып табылатындықтан, әрқашан да сотталған азаматты тәрбиелеу бағытындағы жұмыс қарқынды жүреді. Жаңадан келген тұлғаның жеке өзіне арналатын жоспар құрылады.

Сонымен қатар Департаментке қарасты мекемелерде жергілікті атқарушы биліктің көмегімен сан түрлі қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Мақсат – сотталған адам темір тордың арғы жағына өткен күннен бастап-ақ оны бостандыққа дайындау, яғни қоғамдық ортаға қосу. Ол азаматтың ертең қайта қылмыс жасамауына, оның қоғамға пайдалы тұлғаретінде қайта қалыптасуына септігін тигізетін жұмыстар күнделікті жүргізіледі. Сонымен қатар Конституцияда көрсетілгендей, барлық 30 жасқа толмаған тұлғалардың жаза өтеу орнында жүріп-ақ тиісті орта білім алуына жағдай жасалған. Әлеуметтік ортадағы қылмыстардың орын алуының бірден-бір себебі – білімсіздік, жұмысқа деген ынтаның жоқтығы, жатыпшіерлік, оңай олжаға құнығушылық және де басқа жағдайлар. Сол себепті түзеу мекемелерінде сотталған азаматтарды жұмысқа баулып, еңбек етуге деген қызығушылығын ояту біздің міндетіміз деп білемін. Бұл тұрғыда Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қоғамдық байқау комиссиясы, ұлттық алдын алу тетігі, жұмыспен қамту орталығы қызметкерлерімен жү-



мыс жоғары деңгейде өтеді деп айтуға болады. Себебі әрдайым жоғарыда аталған бірлестіктердің қызметкерлерін тарта отырып, сан түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Биыл 11 сыныпты тәмамдап екі сотталған диплом алса, 10 сыныпта оқитын сотталғандар – үшеу. Одан басқа кәсіби техникалық колледжді 43 сотталған тәмамдады.

**– Енді сотталғандарды ақылы жұмыспен қамту туралы толығырақ айта кетсеңіз?**

– Мекемелерде жазасын өтеп жатқандар ақылы жұмыспен қамтамасыз етіледі. Атап айтсақ, жұмысқа қабілетті 611 сотталған ақылы жұмыспен қамтылған, былтырғы жылмен салыстырғанда сотталғандарды ақылы жұмыспен қамту 8,4%-ға артты. Осылайша 611 адамның ішінде «Еңбек» РМҚ филиалында – 211, шаруашылық қызмет көрсету қызметтерінде – 143, басқа да жұмыстарда 257 адам жұмысқа орналастырылған. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарын жаңғырту бойынша 2019-2021 жылдарға арналған Жол картасының 50-тармағын орындау мақсатында Департамент мекемелерінің аумағында өндірістерді құру үшін жеке бизнестерді тарту бөлігінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мәселен, ЕЦ-166/5 және ЕЦ-166/10 мекемелерінде 7 бизнес субъектісі жұмыс істейді, олардың 6-сы «Еңбек-Аршалы» филиалының қызметімен бірлесу туралы келісімшарт негізінде және 1-і аумақтық Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру мекемелерінің келісімшарттары негізінде орналастырылған. Аталған субъектілерге 56 сотталған жұмысқа орналастырылған. Олар ағаш өңдеу, тігін цехында, қағаз қаптар өндірумен, пластикалық терезелер жасаумен айналысады. Биыл «Атамекен» Ұлттық палатасында «ЦентрКазЭнергоМонтаж» ЖШС, «Астана-Тазалық»

ЖШС, «DANMART» ЖШС және кәсіпорындар өкілдерінің қатысуымен 2 кеңес өткізіліп, аталған кәсіпорындар сотталғандарды жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қарастыруға дайын екендіктерін жеткізді. Алайда қазіргі уақытта коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында сотталғандардың және басқа да тұлғалардың өмірі мен денсаулықтарына қатер төнуіне байланысты қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде ұсталатын сотталғандар жұмыстарынан уақытша демалысқа шығып, мекеме ішінде жазаларын өтеуде.

Сонымен қатар ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың тапсырмасымен Департаменттің барлық мекемелерінде ұсталатын сотталғандар биылғы 14 наурыздан бері 84 514 бетперде және 2 сәуірден бастап 1001 комбинезон тікті. Соның арқасында 45 сотталған жұмыспен қамтылып, оларға 20 000 теңгеден бастап 82 000 теңгеге дейін жалақы төленді.

**– «Бірінші байлық – денсаулық» дейміз. Сотталғандарға медициналық көмек көрсету жағы қалай? Аты жаман індеттен сақтандыру жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр?**

– Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ҚАЖ Департаментінде және оған қарасты мекемелерде ҚР Бас санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 маусымдағы №43 қаулысының №24 қосымшасында көрсетілген «Пенитенциарлы жүйе мекемелерінде санитарлық-дезинфекциялық тәртіпті сақтау алгоритіміне» сәйкес іс-шаралар өткізіп жатыр. Мекемелерде ұсталатын арнайы контингентке берілетін қысқа және ұзақ кездесу түрлері тоқтатылды. Сырттан келетін тұлғалармен қарым-қатынаста болатын қызметкерлер 100% қорғаныс костюмдері, көзілдірік, бетперде, бір реттік қолғап және антисептиктермен қамтамасыз



етілген. Тергеу изоляторында «залалсыздандыру дәлізі» орнатылған. Департаменттің және мекемелердің барлық бекеттері «қашықтан өлшейтін термометрлермен» толық жабдықталған. Арнайы контингент те толықтай бетпердемен қамтамасыз етілген, камераларға, жасақтарға дезинфекциялық ерітінділер қажетті мөлшерде таратылып тұрады және күнделікті 2 рет жинап-тазалау кезінде қолданылады. Мекеме әкімшілігі арнайы контингент арасындағы коронавирус инфекциясының ахуалы туралы ақпаратты жедел жеткізіп отырады. Департаменттің барлық жеке құрамы экспресс тестілеуден, одан бөлек эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша 150-ге жуық қызметкер ПТР әдісі арқылы тестілеуден өтті. Одан бөлек мекемелерге жаңадан келіп түскен сотталғандар, қандай да бір жағдаймен (медициналық тексеру, тергеу амалдары) шығарылған жазасын өтеушілер мекемеге келмес бұрын 14 күнге карантинге орналастырылады. Мекемеге келген тұлғалар міндетті түрде ПТР тестілеуі арқылы коронавирус инфекциясына тексеріледі. Қазіргі таңда орташа есеппен Департамент бойынша 250-ге жуық арнайы контингент ПТР тестілеуден өтті, нәтижелері – теріс.

**– Түзеу мекемелерінің коммуналдық-тұрмыстық жағдайы қашан да өзекті проблема екені рас. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?**

– Шынымен де коммуналдық жағдай жайында сұрақтар әрдайым талқыға салынууда. Бұл мекемелердің ертеде салынғанын естен шығармауға тиіспіз. Дегенмен қазіргі кезде мекемелердегі коммуналдық-тұрмыстық жағдай жақсы деуге болады. Себебі мекемелерді заман талабына сәйкестендіру жұмыстары күннен-күнге артып отыр. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаржылай (200 млн теңгеден аса қаражат бөлінген) және ІІМ басшылығының қолдау көрсетуінің арқасында Департаменттің барлық мекемелері заманауи тексеріп-қарау жабдықтарымен толықтырылды, тергеу изоляторында адвокаттардың, қорғаушылардың арнайы контингенттерге бірінші қажетті тауарларды беруіне байланысты олармен кездесуге келген туыстарын және басқа да адамдарды күту үшін және анықтама бер-

ру және өтініштер мен арыздарды қабылдау терезесі бар, кезекті басқарудың жабдықталған жүйесімен фронт-кеңсе пайдалануға берілді, медициналық бөліміне, МКК, асхана және жылыту жүйесіне жөндеу жұмыстары жүргізілді, дактилоскопиялық құрал алынды, ұялы байланыс телефондарының сигналдарын басатын құрылғы және қамауға алынғандарды тасымалдау үшін 2 арнайы автокөлік сатып алынды, мекемелердің және пробация қызметінің қызметкерлері үшін көп функционалды принтер жиынтығымен компьютерлер, бейне тіркегіштер және рациялар сатып алынды, сондай-ақ пробация қызметінің инспекторлары үшін лимитсіз көліктік карталар сатып алынды. Одан басқа ішкі істер органдарын жаңғырту бойынша Жол картасының аясында ЕЦ-166/1 мекемесі 21 тасымалдау бейнетіркеуін және 80 бейнебақылау камерасын сатып алды. Биыл Нұр-Сұлтан қаласы Жергілікті атқарушы органының көмегімен 2 түзеу мекемесінің аумағына 7100 шаршы метр асфальт төселді. Қылмыстық атқару жүйесін модернизациялау бағытында 2 ғимарат, дербес компьютерлер, бейнебақылау құралдары, бейнекамералар, бейнетіркегіштер, сотталғандарды тасымалдауын 2 көлік бөлінді.

**– Қоғамда тәртіп сақшылары беделінің, оларға халықтың сенімінің төмен болуы неде деп ойлайсыз?**

– Азаматтарымыздың полиция қызметкерлеріне сенімсіздік білдіруінің ең басты себебі – кейбір ақпарат құралдарындағы арандатушылардың кесірінен деп ойлаймын. Ақпараттың ақ-қарасы ажыратылмай жатып полиция қызметкеріне айып таға отырып, жала жабу, жалған пікірлердің жетегінде кету басым. Қазіргі таңда ел арасына іріткі салу өте оңай болып кетті. Қоғамды даурықтыратындарды қылмыстық заңнамаға сәйкес қудалауды толыққанды қолға алғанда ғана теріс пікірлер азаяды деп ойлаймын. Себебі, қазіргі заманда теріс пікір жаза отырып, елді арандату еріккеннің ермегіне айналғаны сөзсіз. Өкінішке қарай, полиция қызметкерлерін шын мәнінде қорғап-қолпаштап, олардың қоғамдағы алатын орнының ерекшелігін, ағын – ақ, қарасын – қара дейтін

шыншыл азаматтардың да қарасы азайған.

**– Пробация қызметі жайлы не айтасыз?**

– 2018 жылы Қазақстанда алғаш рет фронт-кеңсесі осы Департамент төңірегінде ашылған болатын. Қазіргі таңда сотталғандарға әлеуметтік, психологиялық, құқықтық, медициналық көмек беру мақсатында фронт-кеңседе аптасына 4 күн әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері кезекшілік атқарады. Мұндай жағдай жасаудың ең басты ерекшелігі – сотталғандардың өзге орган қызметкерлерімен тікелей сұхбаттаса алуында. Яғни, осы тәсіл көптеген сұрақтардың кеңсе төңірегінде шешілуіне септігін тигізуде. Биылғы жылы пробация қызметінде 2480 сотталған есепте тұр. Есепте тұрған сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың көмек көрсетуімен көптеген жұмыстар жандандырылды. Мәселен, ем алуға көмек көрсетілгендер саны – 29, ал құжат алуға не құжаттарды қалпына келтіру – 28, білім беру – 3. Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету шеңберінде 221 адам жұмысқа орналастырылды. Осы жылы 3 сотталғанға атаулы әлеуметтік көмек алуға қолдау көрсетілді. Сотталғандармен жұмыс жасауға еріктілер тартылуда (бүгінгі таңда олардың саны 107 адамды құрайды: 20 азаматтық тұлға және 87 бұрын сотталғандар және ПҚ-да есепте тұратындар). Жүргізілген жұмыстарға қарамастан пробация қызметінде есепте тұратындар тарапынан қайта қылмыс жасау фактілері – 36. Сонымен қатар «Тәуекел тобында» тұратын сотталғандарды бақылау және алдын алу жұмыстары күшейтілді. ЖПҚ учаскелік инспекторларымен бірге оларды тұрғылықты жерлері және жұмыс орындары бойынша жиі тексеріп тұрады. Полиция департаментімен бірлесіп ұйымдастырған Республикалық профилактикалық іс-шара аясында пробациялық бақылауды бұзғандар анықталып, 566 сотталғанға ескерту жарияланды және тұрғылықты жері бойынша тіркеуінің болмауына қатысты 204 әкімшілік хаттама толтырылып, ҚР ӘҚТК 492-бабына сәйкес 29 айыппұл салынды.

**– Жалпы сотталғандар саны қанша?**

– Жалпы сотталғандар саны – 1524, оның ішінде ЕЦ-166/1 – 538, ЕЦ-166/10 – 434, ЕЦ-166/5 – 552.

**– Талап-арыз бойынша мәлімет келтіре аласыз ба?**

– Атқару парақтары бар сотталғандардың саны – 275. Олардың ішінде: жұмысқа орналастырылғандар – 148, еңбекке жарамсыз – 127. Атқару парақтарының жалпы сомасы – 2 млрд 227 мың теңгені құраса,

төленген сома – 9 млн 300 мың теңгені құрайды. Еңбекақыларынан ұсталуы – 3 млн 950 мың теңге. Өз еркімен төлегендер – 5 млн 49 мың теңге.

**– Алтындай уақытыңызды қиып, көңіл бөліп, сұхбаттасқаныңызға мың да бір рахмет!**

Сұхбаттасқан Бауыржан СЕГІЗБАЕВ,  
сурет автордікі

## Еңбек жолын пробация қызметінен бастады

ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы түлектерінің бірі – Ниязбек Ахмет бұған дейін Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты Алға аудандық пробация қызметінде іс-тәжірибеден өткен болатын.



**Гүлфайруз ТӨРЕМҰРАТОВА,**  
Ақтөбе облысы

– Алға аудандық пробация қызметінде іс-тәжірибеде жүргенімде, сотталғандарға көрсетілетін әлеуметтік көмектер және оларды жұмыспен қамту немесе қайырымдылық акцияларына қатыстыру секілді үкімет тарапынан және департамент басшылығы тапсырмасымен ұйымдастырылған шаралар маған қатты ұнады. Аудандық пробация қызметінің қызметкерлері де маған осы қызметтің қыр-сырын үйретті. Сондықтан да болар сотталғандармен жұмыс жасау кезінде түсінбеушілік болған жоқ. Төрт жыл бойы академия қабырғасында алған білімімді тәжірибемен ұштастыра білдім. Тәжірибе жинақтауыма үлес қосқан Алға аудандық пробация қызметкерлеріне алғысым шексіз және алғашқы қызметімді осы пробациядан бастайтыныма қуаныштымын, – дейді лейтенант Ниязбек Ахмет.

Ниязбектің академияда білім алып жүріп, пробациядан іс-тәжірибеден өткен кезі елде төтенше жағдай енгізілген уақытқа тап келген-ді. Соған қарамастан, болашақ жас маман Алға аудандық пробация қызметкерлерімен бірге алдына қойған тапсырманы бұлжытпай орындай алды. Әсіресе, коронавирус індетіне байланысты сотталғандардың тұрғылықты мекен-жайында болуын қадағалау және өз-өздерін індеттен сақтау бойынша онлайн режимде тәлім-тәрбие жұмыстарын өте жоғары жауапкершілікпен атқарды.

Енді міне, Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ саласындағы қызметкерлердің саптық қатарына тұрған жас лейтенант енді өзі өндірістік тәжірибеден өткен Алға аудандық пробация қызметінде есепте тұрған сотталғандармен түрлі тәрбиелік-әлеуметтік жұмыстарды қолға алатын болады.



# Теолог маман қызметі жетілдіруді қажет етеді

(Басы газеттің өткен санында)

Аталған кемшіліктер теолог маман штатын ашу мақсаты мен міндеттерін ақтай алмады. Керісінше, теолог лауазымында отырған қызметкерлердің тиісті білім деңгейінің болмауы, теріс діни бағыттағы алдын алу жұмысы сапасының төмендеуіне, діни теріс бағыттағы сотталғандардың идеологиясының дамуына септігін тигізіп келеді.

2020 жылы 26 наурыздағы «Қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №247 бұйрығы орын алған кемшіліктерді шешуге және теологтың қызметін жетілдіруге бағытталған. Бұйрық қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріндегі теолог қызметін реттеудің негізгі құжаттарының бірі болып табылады. Теолог мамандардың алдына қойылып отырған мақсаттар мен міндеттемелер өте күрделі және оны қазіргі мамандыққа сай емес қызмет атқарып отырған теолог қызметкерлері жүзеге асыра алмайды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде теолог мамандар сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру бойынша келесі ережелерді бекітті. Атап айтқанда:

1) оңалтылатын адамдарға мақсатты, үздіксіз, жеке идеологиялық, алдын алу-профилактикалық және әлеуметтік-тәрбиелік ықпал етуді қамтамасыз ету жолымен радикалды көзқарастан арылту;

2) жүйелі ақпараттық-түсіндіру және профилактикалық жұмысты жүргізу арқылы ҚАЖ мекемелеріндегі сотталғандардың діни экстремизм және терроризм идеологияларына, деструктивті діни ағымдарға тартылуына жол бермеу;

3) сотталғандардың діни сенімдері мен көзқарастарының радикалдануы-

на, олардың діни экстремизм және терроризм идеологиясына, деструктивті діни ағымдарға тартылуына ықпал ететін себептері мен шарттарын анықтау және жою болып табылады.

Ережелерді талдайтын болсақ, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі теолог қызметкерлерінің алдына нақты міндеттемелер қойылып, діни теріс ағымдағы түсініктердің алдын алу, олардың ықпалына түскен сотталғандарды оңалтуды мақсат етіп отыр.

Оңалтылатын адамдарға террористік немесе экстремистік қылмыстары үшін сотталғандар, сондай-ақ ҚАЖ мекемелерінде анықталған радикалды діни ағымдар идеологиясының ықпалына түскен адамдар жатады.

Ішкі істер министрінің №247 бұйрығының мазмұнында ары қарай теолог қызметінің мақсаты, идеологиялық және алдын алу-профилактикалық іс-шаралары, әлеуметтік-тәрбиелік іс-шаралары және т.б. есеп беру тәртібі бекітілген.

Бекітілген тәртіп-ережелері теолог қызметін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған және оған жету үшін барлық жүргізілетін іс-шаралары түсіндірілген. Алайда бұл деңгейге жетуге кедергі болатын келесі мәселелер орын алып отыр:

1) теолог маман тапшылығының себебі, бұл – қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде теолог маман, оның ішінде жоғары дәрежедегі маманды шақыруға кедергі ретінде арнайы дін мамандығын оқыған адамның өздерін құқық қорғау органдарының қызметкері ретінде көрмеуі, жалақының төмен болуы, жұмыстың күн тәртібіне сәйкес келмеуі;

2) олардың аттестатталған қызметкер болуы, яғни бұл – теолог қызметкері ретінде жұмысқа қабылданғалы тұрған арнайы діни мамандығы бар тұлғалардың қызығушылығының жоқтығы, оның үстіне мекемедегі теологиялық жұмыстарын жүргізу барысында сотталғандардың атте-

статталған теолог қызметкерін маман ретінде қабылдамауы;

3) мамандыққа сай емес қызметкерлердің теолог лауазымына тағайындалуы, олардың бекітілген міндеттемелерді жүргізуге мүмкіндік бермеуі, ал теологиялық курстардан өту тәжірибесі олардың арнайы білім деңгейіне дейін жетілдірілмейді. Яғни, арнайы діни білімсіз теолог маман ретінде қызмет атқару қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі террористік немесе экстремистік көзқарастағы сотталғандарды оңалтуға ешқандай үлес қоспайды, керісінше ондайлар террористік немесе экстремистік көзқарастың даму қарқынын көзден тыс жіберіп алуы мүмкін.

4) теолог маман ретінде әйел қызметкерді тағайындау.

Көрсетілген кемшіліктер қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріндегі теолог қызметкерлеріне қойылатын міндеттемелерді орындауға және олардың жұмысын дұрыс ұйымдастыруға кедергі келтіреді. Осыған орай жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде аталған кемшіліктердің шешімі ретінде келесі ұсыныстарды енгізу қажет:

Біріншіден, теолог мамандарын қызметке шақыруға арналған кәсіби бағдарлау жұмысын дұрыс ұйымдастыру, облыстардың қылмыстық атқару жүйесі департаменттерінің арнайы ғаламторларының шегінде жарнамамен шектелмеу, арнайы діни мамандарды дайындайтын оқу орындарымен тығыз байланыс орналастыру қажет.

Екіншіден, теолог қызметкерлерінің қызығушылығын тудыру үшін теолог лауазымын қайта аттестаттау керек. Олардың жалақысының төмен болмауы үшін бекітілген арнайы атақ шегінің деңгейінде жалақыларын есептеу қажет. Мысалы, мекемеде теологиялық оңалтуды ұйымдастыру тобының аға инспекторы, әділет майоры, теологиялық оңалтуды ұйымдастыру тобының инспекторы, әділет капитаны шеніне дейінгі жоғарылауы қарастырылған және аталған шеннің қаражатын жалақыға

қосқандағы деңгейімен теңестіру. Бұл – арнайы діни мамандығы бар тұлғаларды қызметке тұру барысында құқық қорғау органдарының тиісті заңдарынан тест тапсырудан босатады;

Үшіншіден, мамандыққа сай емес қызметкерлерді теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру тобының лауазымдарына тағайындамау. Бұл қызметке тек діни мамандықтар бойынша бітірген арнайы теологтарды қабылдау, теологтың мекемедегі радикалды діни идеологияны ұстанушы сотталған азаматтармен тығыз жұмыс жүргізуі бақылауды күшейтуге және олардан туындайтын қауіп - қатерлердің алдын алу бойынша болжам жасау мүмкіншілігін арттыруға алып келеді.

Төртіншіден, теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру тобының теолог маман ретінде әйел қызметкерді тағайындамау (олар арнайы діни мамандығы бар теолог қызметкерлері болса да), өйткені, шариғат заңы бойынша олардың ер кісілермен жұмыс істеу бағытының дұрыс қалыптасуына мүмкіндік бермейді. Оларды тек қана әйелдер колониясына жұмысқа теолог маман ретінде қабылдау қажет.

Қорытындылай келе, қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастыру мәселесіне қатысты күрделі назар аударылып отырғаны белгілі. Олардың қызметтік міндеттемелері мен жұмыс бағдарламаларын реттеуші нұсқамаларының нәтижелі болуы үшін кішігірім кемшіліктерді ескеріп отыруымыз қажет. Себебі, дін, бұл – бекітіліп отырған нақты заң секілді емес, шегі көрінбейтін, әр түрлі талқылануға берілетін философиялық ғылым. Сондықтан сотталғандармен теологиялық оңалту жұмыстарын арнайы діни білімі бар, теолог маман жүргізуі қажет.

**Ерболат ҚАЙНАР,**  
**ҚР ПІМ Ш.Қабылбаев атындағы**  
**Қостанай Академиясы**  
**(PhD) философия докторы,**  
**полиция майоры**

## Заңсыз атыс қаруынан құтылуға асығыңыз

Биылғы 1 шілдеден бастап республика аумағында халықтан заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша жыл сайынғы акция басталды.

**Марина НҰРЫМЖАНОВА,**  
**Ақтөбе облысы**

Қару-жарақ заттарын ерікті түрде тапсырғаны үшін қарудың әр бірлігіне оның техникалық жай-күйіне байланысты комиссия шешіміне сәйкес сомасы 10-нан 100-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіш төлем көзделген.

Сыйақы төлемі қару-жарақ заттарын тапсырған азаматтардың шотына

аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.

Ерікті түрде тіркелмеген атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды тапсырған адамдар қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылудан босатылады.

Еліміздегі эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуін ескере отырып, қолда бар қару-жарақ заттарын тапсыруға ниет білдіргендер полиция органдарына бармай-ақ, Ақтөбе қаласы ПБ-ның 729-853 «қауырт желі» телефондарына немесе 102 нөміріне хабарласса, жеткілікті.

Өтініштерді және халықта заңсыз сақталған қару-жарақ заттарын қабылдауды мекенжайға шыға отыра, ішкі істер органдарының қызметкерлері жүзеге асыратын болады. Бұрын оларды қабылдау аумақтық полиция органдарында жүргізілген болатын.

Жарылғыш материалдар мен оқ-дәрілерді тауып алған жағдайда олармен қандай да бір іс-әрекет жасамай, тек полиция бөлімшесінің көрсетілген телефон нөмірлеріне хабарлау қажет.

Айта кетейік, халықта заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша акциялар 2012 жылдан бастап өт-



кізіліп келеді. Бұл кезеңде халықтан 51 мың қару және 2 млн ойық қару патрондары сатып алынған. Бұл ретте атыс қаруын қолдана отырып жасалатын қылмыстар 3 есеге (2012ж. 694-тен 2019ж.- 238-ге дейін) төмендеді.



Қазақта қолына қару алып, елі мен жерін жаудан қорғаған арулар аз болмаған. Жауынгер қыздарымыздың жүріп өткен жолы соған дәлел. Томирис пен Зарина, Гауһар мен Бопай, Әлия мен Мәншүк, Хиуаз секілді батырлар мен қаһармандардың ізбасарлары аз емес. Бүгінде тәуелсіз Қазақстан Қарулы күштерінің имиджін қалыптастыруда әскердегі әйелдердің де үлесі өлшеусіз екені айдан анық. Қаншама нәзікжандыларымыз ерлермен бірдей иық тіресіп, қиындығы көп жолда мойымай, бір сапта қатар келе жатыр...

## ЖҰЛДЫЗДЫ

Жұмабекова



Ләззат ШАҒАТАЙ,  
Орал

Әскери өмірдің темірдей тәртібімен шыңдалып, өзгеге үлгі болып жүрген жандардың бірі – майор Алмагүл Жұмабекова.

Қазіргі кезде Оралдағы №5517 әскери бөлімнің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар бөлімшесі бастығының аға көмекшісі болып қызмет атқаратын майор Алмагүл Ақылбекқызы 15 жылдан аса осы әскери салада. 45 жасқа енді аяқ басқан әскери қызметтегі ол Қаратөбе ауданының Ханкөл ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген.

Ауылдағы мектеп табалдырығын атап, кейін 5 сыныптан бастап оқуын Орал қаласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған С. Сейфуллин атындағы мектеп-интернат кешенінде жалғастырады. 1992 жылы мектепті ойдағыдай тәмамдап, А. Пушкин атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына оқуға қабылданады.

Еңбек жолын балабақшада тәрбиеші болып бастаған ол оқу мен қызметті қатар алып жүруге тырысады. Сол жылдар аралығында тұрмыс құрып, ана атанады. Кейін жолдасының жұмыс бабымен Ақсай қаласына қо-

ныс аударып, Бөрлі аудандық санэпидстанциясына аудармашылық қызметке орналасады. Осы жерде жүріп, қоғамдық өмірге белсене араласып, өзіне өмірлік тәжірибе жинақтайды. Қоғамдық жұмыс оның өміріне оң ықпалын тигізіп, болашақта әскери қызметкер болуына жол ашады.

– Қоғамдық өмірге белсене араласқанды жаным қалайды. Қай жерде жаңа бастама бар, соны қолдап, әр істің аяқтан тұрып, жанданып кетуіне үлесімді қосып жүремін. Бұл қасиет маған ата-анамның берген тәрбиесімен сіңді деп ойлаймын. Ақсайда жұмыс жасай жүріп, «Nur Otan» партиясы жанынан ашылған «Jas Otan» жастар қанатының белсенді мүшесі болдым. Соның арқасында еліміздің біраз қаласын аралап, тың бастамалардың дүниеге келуіне себепкер болдым, – деген Алмагүл қоғамдық өмірге белсене араласу үлкен мүмкіндіктер сыйлағанын айтады.

2004 жылы қызмет бабымен облыс орталығына қоныс аударып, қаламыздағы РУ-170/2 түзету мекемесіне іс жүргізуші болып орнығады. Жұмыс жасай жүріп, сол мекемедегі сардарлар (офицерлер) мен келісімшарт қызметкерлеріне мемлекеттік тілден сабақ береді.

Осылайша өз еңбегінің арқасында біртіндеп кеңсе инспекторы лауазымына дейін көтеріледі.

– Түзеу мекемесінде екі жылдай қызмет атқардым. 2006 жылы қаламыздағы 5517-әскери бөліміне аудармашы болып ауыстым. Көп ұзамай ҚР Ұлттық ұланы

«Батыс» өңірлік қолбасшылығының 5517-әскери бөлімінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар бөлімшесі бастығының мемлекеттік тілді енгізу жөніндегі аға көмекшісі болып іске кірістім. Ол кездегі әскери шенім кіші сержант болған еді. Содан бері әскери өмірдегі темірдей тәртіптің арқасында талай қиындықты еңсеріп, белесті бағындырдық. Өйткені әскери жарғыдағы тәртіп бәріне ортақ. Қызметім тәрбиелік шаралар өткізумен тікелей байланысты болғандықтан, әскери қызметшілерге арналған түрлі әдеби кештер мен мерекелік кездесулерді ұйымдастыруға атсалыстым. Сондықтан біздің қызметтің өз қиындығымен қатар, қызығы да бар екенін айтқым келеді, – деді Алмагүл Ақылбекқызы.

Ол әскери қызметтегі 15 жылында тынымсыз еңбегі мен табандылығының арқасында кіші сержанттан майор шеніне дейін көтерілген.

Иә, әскери адамдар сырт қарағанда суық, қатал көрінетіні анық. Алайда бүгінгі кейіпкеріміздің бойынан нағыз қазақ әйеліне тән мейірімді бітім-болмысты байқайсыз. Оның сөйлеген сөзі де, даусы да, күлкісі де әйел деген нәзік болмысты одан әрі айшықтай түседі. Тіпті оның әзілді жақсы көретін, ақжарқын жан екенін аңғару қиын емес. Әңгіме барысында өзінің бастан өткен бір оқиғасын күліп, есіне алды.

– Әскери қызметке кіріскен алғашқы жылдары өте қиын болды. Өмірімде қаламнан ауыр ештеңе көтермеген мен үшін жігіттермен бірге окоп қазып, тапанша ұстап, автомат атуды осы жерде үйрендім. Салмағы ауыр

автоматты арқаңа іліп алып жүгіріп, нысанаға дәл көздеп тигізе білу оңай емес екендігін түсіндім. Бәрінен бұрын керзі етік киюге қиналатынымын, күні бойы жұмыста ауыр етікпен жүру қандай қиын! Туфлиге үйренген аяғым ауыр етікке әзер көндіккен еді.

Ал қазір туфли кисем, аяқ киімім шешіліп қалғандай, біртүрлі күйге түсемін, – деп бір күлдіріп алды.

«Жалпы, әйел адамның әскерде болуы өте жақсы, жүрген жерлерінде жинақылық болады» дейді кейіпкеріміз.

– Менімен бірге әскери қызметтің бел ортасында жүрген қырыққа жуық нәзік-жанды бар. Оның бірі осы бөлімде кітапханашы болса, енді біреулері психолог, аудармашы, қаржыгер қызметінде. Өз қызметімді жақсы көремін және зор мақтаныш санаймын.

Мен осы салада өзімді таптым деп ойлаймын, – дейді ол.

Осы қызметі барысында Ұлттық ұлан әскери бөлімдерінің және «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскери бөлімдерінің мемлекеттік тілді енгізу жөніндегі аға көмекшілерінің арасында өткізілетін «Үздік маман» байқауының бірнеше рет жүлделі орнын иеленген. Сонымен қатар осы саладағы адал еңбегі үшін ҚР Ішкі істер министрінің, Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының, «Батыс» өңірлік Қолбасшылығының, облыс әкімінің атынан бірнеше рет алғысхат, медальдармен марапатталған.

Бүгінде ұлы Жаһангер Алматыдағы Азаматтық авиация академиясында диспетчер мамандығының соңғы курсына білім алуға. Ұлының әскери салаға баруын іштей қаламағанымен, ана жүрегі оның таңдауына қарсы тұрмапты.

– Әр ана өз ұрпағының болашағын ойлайды. Мен үшін ұлымның Отанға адал, қызметте абыройлы болуынан асқан бақыт жоқ, – дейді майор Алмагүл Жұмабекова.

ҚР ПМ Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің басшылығы және жеке құрамы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ҚАЖ комитетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы,  
**КАРИБАЕВ Мұратбек Серкенұлының**  
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жұбайы Үмітжанға және Қарибаевтар отбасының қайғысына ортақтаса отырып, қайғырып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы ПМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшылығы мен ұжымы Қазақстан Республикасы ПМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының орынбасары Ахан Жақыпбекұлы Нурушевке әкесі  
**НУРУШЕВ Жақыпбек Жүсіпбекұлының**  
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы ПМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының басшылығы, жеке құрамы және ардагерлер Кеңесі, Президиумының мүшесі, Қазақстан Республикасы ПМ Құрметті ардагері, Ұлы Отан соғысы қатысушысына теңестірілген запастағы милиция полковнигі  
**ЖҰМАШЕВ Кемел Айтқалиұлының**  
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы, Ішкі істер органдары қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қорының төрағасы, ішкі істер органдарының құрметті ардагері және Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген милиция полковнигі  
**ЖҰМАШЕВ Кемел Айтқалиұлының**  
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ақтөбе облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының жеке құрамы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының құрметті ардагері, отставкадағы полиция полковнигі  
**ЖҰМАШЕВ Кемел Айтқалиұлының**  
дүние салуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



# Қоғамдық құтқарушы көмекке келеді



Алматы облысы ТЖД демалыс аймағы иелерінің өтініші бойынша ведомстволық құтқарушыларды суда адамдардың өмірін құтқару дағдыларына үйретеді.

**Асылзат ТАЛҒАТҚЫЗЫ, Нұр-Сұлтан**

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін биылғы жылғы маусымның 26-сы мен 29-ы аралығында Алакөл аймағының жедел-құтқару бөлімшесі Алакөл көлінің жағалауында орналасқан «Гранд Вилла» демалыс аймағының құтқарушыларын оқытуды жүргізді.

Жоспар бойынша алдымен құтқарушылар Ж. Дюсетаев, О. Ақжолов, О. Тьютеев қоғамдық құтқарушыларды адамдарды құтқару әдістері бойынша теориялық материалдармен таныстырды. Содан кейін шығыршықты және құтқару шеңберін қолдану дағдылары мен ептілігіне үйрету бойынша практикалық сабақтар өткізілді. Сондай-ақ құтқарушылар қайықты есуді және кеудешемен жүзу әдістерін үйретті.

Құтқарушы-медик А. Әзімханова суға батқан кезде алғашқы медициналық көмек көрсету әдістерімен және судан шығарылғаннан кейінгі көмек көрсету алгоритмімен таныстырды. Сондай-ақ зардап

шегушінің тамыр соғысының болмауы және болуы кезіндегі іс-қимылдар, реанимациялық іс-қимылдар жүргізу әдістері туралы айтты. Суға батқан кездегі құтқару және алғашқы медициналық көмек көрсету әдістері көрнекі түрде көрсетілді.

Құтқарушылар, сонымен қатар, құрлықта және суда қармап ұстап алудан босатылып шығу әдістерін пысықтау бойынша жұптық практикалық сабақтар өткізді.

Бүгінгі күні облыс бойынша 60-қа жуық құтқарушы оқытылды. Бұл оқу демалыс аймағында құтқарушыларға суда апатқа ұшырағандарға уақыттылы және кәсіби көмек көрсетуге көмектеседі және бұл адам өмірін құтқарады деген үміттеміз.

Алматы облысы ТЖД құтқару тәсілдерін (амалдарын) естеріңізге салады:

- ең алдымен суға батып бара жатқан адамды көргенде, мүмкіндігінше кәсіби құтқарушыларды хабардар ету керек.

- егер мүмкіндік болса, суға батып бара жатқан адамға құтқару шеңберін, үрлемелі матрацты

немесе осыларға ұқсас нәрсені тастаңыз.

- егер суға батып бара жатқан адамға қарай жүзуге шешім қабылдасаңыз, сыртқы киімді барынша шешу керек, себебі ол тек кедергі болады.

Қай жағынан жүзіп бару керек: - суға батып бара жатқан адамға артынан ғана жүзіп келу керек, өйткені суға батып бара жатқан адам стресстік жағдайда болады және іс жүзінде өзін-өзі бақыламайды. Ол өзінің құтқарушысын көп күшпен ұстап, оны судың түбіне тартуы мүмкін.

Қармап ұстап алу және тасымалдау:

- Тасымалдау әдістері тек суға батып бара жатқан адамның жағдайына байланысты. Егер суға батқан адам салыстырмалы

түрде тыныштықты сақтаса, өз денесін басқара алса және ол құтқарушы адамның кеңестеріне бағынса, онда оны мынандай тәсілмен жағаға дейін жеткізуге болады: ішпен брасспен жүзу керек, ал батып бара жатқан адам артта құтқарушының иығынан ұстап, сонымен бір мезгілде суда жатып, құтқарушыға алға қарай жылжуға аяқпен көмектесуі керек.

Егер суға батып бара жатқан адам есеңгіресе немесе үрейге берілсе және оған айтып жатқан нәрселерді түсінбесе, онда тасымалдаудың келесі түрлерін қолданған жөн:

- Адамды бұрып, қолтығынан немесе иектен ұстап, өзіңізге қысып ұстаныңыз. Осындай қалыпта брасс (судан аяқпен қолды сәл шығарып,

бақаша жүзу түрі) тәсілімен аяқпен, арқамен немесе бүйірмен жүзіңіз.

- Адамды өзіңізге арқасымен қаратып бұрып, қолтығынан немесе басынан ұстап, осы қалыпта бір бүйіріңізбен брасс тәсілімен жүзіңіз.

- Құтқарушыны арқаға бұрып, оны қолтығының астынан бір қолмен ұстап, екінші жағынан білегінен орап, бос қолыңызбен және аяқтарыңызбен есіп, бүйіріңізбен жүзіңіз. Бұл тасымалдаудың ең күрделі түрі және ол суға батып бара жатқан адам қатты қорыққан кезде ғана қолданылады.

- Егер адам су айдынының түбіне батса, онда суға сүңгіп зардап шеккен адам болуы мүмкін су түбімен жүзіп өту қажет. Суға батып бара жатқан адамды тауып, оның қолтығын немесе қолын ұстап алып, содан кейін су түбінен күшпен итеріліп, аяқтарыңызбен және бос қолыңызбен барынша тез жұмыс істеп, су бетіне шығып кету керек.

- Зардап шегушіні судан алып шыққаннан кейін оған алғашқы медициналық көмек көрсету қажет.



## Тойқұмарлар індеттен ығар емес

Коронавирустан қайтыс болғандар жайлы әр өңірден жетіп жатқан қайғылы хабар Солтүстік Қазақстан облысын да айналып өтпеді. Осы фактілерге қарамастан, солтүстікқазақстандықтардың бәрі бірдей мамандардың болжамдары мен пандемияға қарсы күресуге бағытталған мәжбүрлеу шараларына жауапкершілікпен қарамай отыр.

**Динара САҒЫНДЫҚОВА, СҚО**

Өткен сенбі күні қала тұрғындары жас жұбайлардың «Конгресс» мейрамханасына кіріп бара жатқанын түсірген фотоларды әлеуметтік желілерге жариялаған. Полиция қызметкерлері мен санитарлық

дәрігерлер той өтіп жатқанын көрсеткен бұл постқа шұғыл түрде шара қабылдауға мәжбүр болды. Осы факті жөнінде мейрамхана иесі мен іс-шараны ұйымдастырушыға қатысты ҚР ӘҚТК 462-бабы бойынша әкімшілік материал жинады. Дәл осындай әкімшілік ықпал

ету шарасы келесі көңіл көтеру орнының ұйымдастырушысы мен әкімшісіне қатысты қабылданды. Қырағы қала тұрғындары «Эмират» мейрамханасында той өтіп жатқаны жайлы полицейлерге хабарлаған.

«Бәрі дұрыс, бәрі үйде отыруы керек, егер осы үйлену тойында кем дегенде біреу ауырса, ол бәріне жұқтырады, жағдай қиын, бірақ сіздерге той керек» деп желі қолданушылары жазған. Жалпы, Петропавлда төтенше жағдай күшін жойғалы бері соңғы екі айдың ішінде осындай бес факті анықталды.

Өткен демалыс күндері Петропавлда облыстың бас санитарлық дәрігерінің қаулысымен шектеу шаралары күшейтілді.

- Қазіргі уақытта тәртіптің сақталуы мен вирустың таралмауына бағытталған белгіленген шектеулерді сақтау аса маңызды. Өкінішке қарай, бұған барлығы түсіністікпен қарай бермейді. Осыған байланысты профилактикалық шаралардан әкімшілік ықпалы бар шараларға көшуге тура келеді. ТЖ режимі алынғаннан бастап, карантиндік шараларды сақтамағаны үшін 127 әкімшілік материал жинал-

ды, – дейді СҚО ПД бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Қанат Айтбаев.

Бас санитарлық дәрігердің қаулысын сақтамау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 462-бабы «Мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау» бойынша үштен 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатынын ескертеміз.